

ӘОЖ 316.752+654.19(574)

**ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНДА  
НАСИХАТТАЛУЫ  
(«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША)**

**Рахым Жібек Әділбекқызы,**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Журналистика және репортерлік іс мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан  
[Ap.zhibek@gmail.com](mailto:Ap.zhibek@gmail.com)

Жетекші – ф.ғ.д., профессор Тапанова Сәуле Есенбекқызы  
[sauletapanova@list.ru](mailto:sauletapanova@list.ru)

Егеменді еліміз саяси және экономикалық реформаларда бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Ендігі кезекте адами құндылықтар, рухани қазына, патриоттық рухты қазақ қоғамының бойына сіңіру мәселелері тұр. Бұл мақсатта Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланды. Ол бұқаралық ақпарат құралдарының алдағы бірнеше жыл бойы жасалатын жобалардың темірқазығы. Жаһандану кезеңіндегі халық санасына ықпал ету құралы, әрине, БАҚ және оның ішіндегі телевизия болғандықтан, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы ұлттық тарихи құндылықтарға насихат идеясы мен оларды қазақ тілді телеарналардың жеткізу мақсатында жасалған жобаларды саралау қажеттілігі туындап тұр.

«Ұлттық құндылық» сынды сөз тіркесі ақпарат кеңістігінде көптеп кездеседі. «Оны неліктен жиі қолданады?», «Бұл ұғым қайдан пайда болды?» сынды сұрақтарға жауап іздейміз. «Ұлттық құндылық» ұғымы «ұлттық идеядан» туындағаны айқындалады. «Әлемдегі кез-келген ұлт пен ұлыстың пайда болғаннан бірге жасасып, оны асқақ армандардың орындалуына жетелейтін ұлы мұраты – ұлттық идея», - дейді әйгілі журналист, философия ғылымдарының кандидаты Болатбек Төлепберген [1, 18-б.]. Бұдан шығаратын қорытындымыз, қазақ халқының

ұлттық идеясы жер бетінде қазақ ұлысының пайда бола бастағанынан бері қалыптасып келеді. Осы орайда М.М.Бахтиннің айтуынша: «Ұлттың құпиясы оның дастархан мәзірінде де, киімінде де, биінде де, ұлттық Бахус пен Эраста да кездеседі». Яғни қазақ халқының ұлттық идеясы оның тіршілігінде және салт-дәстүрлерінде.

Қазақ халқының көшенді болғандығын ескере келсе, қоршаған ортаға, жанды бейнелерге, мысалы, «Жер-Ана» бейнесіне ерекше көңіл бөлді. «Туған жер топырағынан жаралдым», «Ер-туған жеріне, ит – тойған жеріне», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дейтін халық мақалдары мен сөз қолданыстағы қалыптасқан сөз тіркестері де дәлел. Журналист, философия ғылымдарының кандидаты Болатбек Төлепберген: «Ұлттық идеяның рухани-адамгершілік негіздерін қазақтың ақын-жыраулар поэзиясынан аңғаруға болады деп жазады. Ол жыраулар толқыны Асан Қайғы мен Қазтуғаннан бастап, Бұқар жыраумен аяқталады» дейді [1, 70 б.]. Бұдан аңғаратынымыз, ұлттық идеяның рухани сабақтастығы және тарихи-мәдени эволюциясы ретінде қарастырып кетуге болады. Халықтың басынан өткізген тарихи факторлардың нәтижесінде пайда болған ұлттың бейнесіндегі ізі – ұлттық құндылықтар деп қарастыруға болады. Ол: ата-баба рухын қастерлеу, туған жер мен елді аялау сияқты қасиеттер. Абай өзінің жетінші қара сөзінде дүниенің сырын түгендеп, денелеп білмесе, адамдықтың орны толмайды деген ой айтып, халқына сөздерін мұра етіп сөзін қалдырды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тарихи маңызы бар оқиғаға айналды. Мақалада ол тарих пен дәстүрдің, ұлттық код, сакральді (әулие) жерлер мен латын қаріпіне көшу, қоғам тұлғаларын шығару сынды мәселелер көтеріліп, жазылды. Танымал үнді жазушы Рабиндрана Тагор «Әр ұлттық борышы – әлем алдында ұлттық болмысты анықтау. Егер ұлт әлемге ештеңе бере алмаса ұлт ретінде, онда ол ұлттың қылмысы болмақ» деген. Ал бұл бағдарламада ұлттық бейнесін, оның құндылықтарын қалай ашып көрсетуге болады? Біріншіден, «Туған жер» және «Сакральді Қазақстан» жобасы. Ол қазақ халқының жер-сулары мен киелі жерлерін танып, өзгеге көрсету. Сонымен қатар, жас буынға таныстыру арқылы патриоттық сезімді бойларына сіңірту. «Мектептерге «жертану», университеттерге экспедициялар жасау және әр тұрғын пунктердің тарихын жазсақ, іске асуы ілгерілей түседі», -деп тарих ғылымдарының докторы, профессор З.Е.Кабульдинов «Рухани жаңғыру» тақырыбындағы конференция сөзінде айтты [2, 116-б.].

Бағдарламаның «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші тарауында жаһандану заманындағы ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігін жазды. Ғалым, қоғам қайраткері А. Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады», [3] - деп «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаласында келтірді.

Қайта жаңаратын уақыт келді. Ол үшін рухани тамырларымызды зерттемей, түсінбей іске асыра алмаймыз. Ізденіп, ұғынып, бұрынғыға құрметпен қарап, халық іштей дайындалып, өзін-зі таныса, өркениетті қоғам дамыған халықтардың тарихи мұрасын өрлетіп, ұлттық сана-сезімінің өсу үрдісінің негізгі бөлігі табылады. Бұл ойды А.Х.Қасымжанов білдірді. Елбасы өзінің мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс», – деп ой қорытады [4]. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан- 2030» бағдарламасында: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп – жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз заманының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларымыздың игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы жағдайда жұмыс істеуге даяр болады», [5] -деген болатын. Бүгінгі күнгі оқушы – тәуелсіз еліміздің болашағы, ертеңгі ұрпағы. Өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеті, саналы ұлттың ойлау қабілеті және білімі болуы тиісті. Осы негізде бағдарламада тағы қазақ тілінің жазылуы латын қаріпіне ауысуы тиіс деген де жазылған. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылғанын еске сала кету керек. Мәселе ХХ ғасырда көтерілсе де, бірақ әлі күнге дейін оған байланысты қазақ телевизиясында жеке жобасы не бағдарламасы көрсетілмеді.

Бағдарламаның тағы бір маңызды аспектісі қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алынды. Алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіс делінген. Бүгінде 100 оқулықтың 49-ы аударылды. Оны телеарналардың жарнама уақытында жарияланып жүргенін байқаудамыз. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туындағы жоба - «Қазақстанның 100 жаңа есім». Ол халық арасынан тұлғаларын шығару немесе мемлекет бренді болар жандарды табу. Ол бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына назар аударып, ұлттық құндылықтарды насихаттаудың ұтымды жолы. Себебі, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек.

Бағдарламаны насихаттау мақсатында [www.ruh.kz](http://www.ruh.kz), [www.100esim.el.kz](http://www.100esim.el.kz) сынды сайттар ашылды. Бұл сайттарда бағдарлама аясында болып жатқан байқаулар және түрлі жобалар жазылады. Ал қазақ телевизиясында «AstanaTV» телеарнасы 2017 жылдан бері «100 жаңа есім жобасы» жайлы 3 бағдарлама әзірледі. Нәтижесінде «Қазақстанның жаңа бейнесі» бағдарламасы аясында 47 материал, ал уақытқа сайып келгенде 1170 сағат. Сонымен қатар, ол материалдың қайталануы аталмыш уақытты 2 есеге көбейтеді. Ол телевизиядағы ұлттық құндылықтардың насихатталуын көбейтіп отыр. Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырды. Әр материалда бас кейіпкердің өмірбаян жолы, туған жерге сезім, адами құндылықтар, қарым-қатынас сынды аспектілер сөз етіледі.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. «Ақпарат әлемі» атты 2 томдық жинағында ф.ғ.д., профессор Н.Омашев «Бүкіл ел қолдайтын идеология болуы қажет» деген мақаласында «Тәуелсіз Қазақстанның мұраты, идеологиясы қандай нәрсеге негізделеді деген нәрсеге негізделеді деген мәселе ерте ме, кеш пе туындап, қайта өрбитініне менің күмәнім жоқ. Өйткені мұратсыз ел болмайды» деп жазған [6, 157-б.]. Қорытындылай келе, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тұтас мемлекеттің идеологиясына итермелейтін жол болады ма?» деген сұрақ туындатып тұр. Алайда қазақ телевизиясындағы жобалардың ұлттық тарихи құндылықтарды насихаттауында халыққа әсер етуінде оқылық бардай.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1 Ұлттық идея - тәуелсіздік тұғыры : әлеуметтік-философиялық талдау / Төлепберген, Болатбек, - Алматы : Алматы баспа үйі, 2011 . - 237, [1] б.

2 "Rukhani zhangyru (Spiritual revival): Scientific heritage and national values": ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор Зәки Ахметовтің туғанына 90 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы, 17-18 мамыр, 2018 ж.; ҚР Білім және ғылым министрлігі, С. Аманжолов атын. Шығыс Қазақстан мемлекеттік ун-ті - Өскемен : Берел, 2018 . - 585 б.

3 <https://egemen.kz/article/171159-amangeldi-aytaly-qazaq-bolu-nemese-rukhani-arpalys>

4 [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)

5 Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан- 2030» бағдарламасы.

6 Ақпарат әлемі: таңдамалы шығармаларының көп томдығы / Н. Омашев - Алматы : Қазығұрт, 2006 .– 1000 дана.